

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2024 жылғы 29 шілдедегі № 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 шілдеде № 34840 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Жұмылдыру дайындығы қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт
министрінің міндетін атқарушы

С. Жарасбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 29 шілдедегі
№ 141 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарға (бұдан әрі – № 305 Қаулы) сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің объектілеріне, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын объектілерге (бұдан әрі – объектілер), Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қарамағындағы білім объектілерін қоспағанда қолданылады.

3. Осы Нұсқаулық осы Нұсқаулықтың 2-тармағында көзделген салалардағы қызметті жүзеге асыратын, қарамағында осы объектілер бар мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру талаптары нормативтік құқықтық актілермен нақтыланған объектілерге қолданылмайды.

Министрліктің қарамағындағы білім объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) алғашқы ден қою шаралары – терроризм актісінің қатері немесе жасалғаны туралы уәкілетті мемлекеттік органдарды уақтылы хабардар етуге бағытталған, объект персоналы және күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қабылдайтын бірінші кезектегі іс-шаралардың, сондай-ақ терроризм актісінің ықтимал салдарын барынша азайту және жою (шұғыл (алғашқы) ден қою күштерінің алғашқы және тергеу әрекеттерін жүзеге асыруына көмек көрсету, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуациялау және басқалары) жөніндегі іс-қимылдардың кешені;

2) байланыс жүйесі – ақпаратты (ақпарат) беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметінің жұмысын жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

3) бақылау-өткізу пункті – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

4) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

5) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

6) инженерлік-техникалық нығайтылу – объектіге не оның бөліктеріне санкциясыз енуге қарсы қажетті іс-қимылды қамтамасыз ететін құрылымдық элементтер, инженерлік, техникалық құралдар және (немесе) олардың жиынтығы;

7) күзетілетін аймақ (учаске) – күзетілетін аумақ, сондай-ақ объектіде бөлінген аймақтар (учаскелер), ғимараттардың (құрылыстар мен құрылыс ғимараттарының) бөліктері, үй-жайлар және олардың құрылымдық элементтері;

8) күзетілетін объектілер – күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін өзге де ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория;

9) кіруді шектеу құралдары – объектіге, оның ықтимал қауіпті учаскелеріне санкциясыз енуге кедергі келтіретін жабдық және (немесе) құралдар;

10) кіруді бақылау және басқару жүйесі – кіруді бақылауға, объектіге және (немесе) оның жекелеген аймақтарына персонал мен келушілердің кіру және (немесе) шығу құқықтарын шектеуге, ақпаратты жинауға және сақтауға арналған, техникалық жағынан үйлесімді аппараттық құралдардың және (немесе) бағдарламалық қамтылымның жиынтығы;

11) күзет дабылы жүйесі – күзетілетін аймаққа (учаскеге) санкциясыз енуді, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуын анықтауға, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуы туралы ақпаратты берілген түрде жинауға, өңдеуге, беруге және ұсынуға арналған, бірге жұмыс істейтін техникалық құралдардың жиынтығы;

12) спорттық атыс бойынша спорт клубтары – жабық (жабылған) тирлер, жартылай ашық тирлер, ашық тирлер (атыс орындары), стендтер;

13) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері – объектінің аумақтық бөлінген, жарылыс-өрт қаупі бар, қауіпті химиялық заттар, қару мен оқ-дәрілер, уытты заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің, жүйелердің, жабдықтардың немесе құрылғылардың элементтері қолданылатын, сақталатын немесе пайдаланылатын аймақтары (учаскелері), құрылымдық және технологиялық элементтері, объектінің қауіпті аймақтары, сондай-ақ объектідегі адамдар көп болуы, терроризм актісінің жасалуы өмір мен денсаулыққа залал келтіруі, аварияның, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соғатын төтенше жағдай қаупінің туындауы, кейіннен терроризм актісін жасауда пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдардың ұрлануы ықтимал орындар;

14) объектілердің персоналы – объектінің, оның ішінде оның жалға алынған алаңдарында қызметін жүзеге асыратын басшылары, жұмысшылары, қызметкерлері;

15) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

16) оқу (профилактикалық) іс-шаралары – персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабақтар түрінде жүзеге асырылатын алдын ала тәсілдері;

17) өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін жоққа шығаратын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

18) терроризмге қарсы қорғалу паспорты – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

19) телевизиялық күзет жүйесі – бұзушылықты анықтауға және тіркеуге арналған жабық үлгідегі телевизиялық жүйе болып табылатын бейнебақылау жүйесі;

20) хабардар ету жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектідегі тұлғаларды төтенше жағдайлар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы.

Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Объектілердің меншік иелері, иелері мен басшылары объектілерді пайдалану кезінде № 305 Қаулы, сондай-ақ осы Нұсқаулық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Объекті меншік иелерінің, иелерінің, басшысының бұйрығымен объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ететін тұлға (тұлғалар) және (немесе) бөлім (бөлімшелер) айқындалады.

Объектінің терроризмге қарсы қорғалу жөніндегі іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерді таңдау және тағайындау терроризмге қарсы іс-қимылдың ерекшеліктеріне барынша сәйкес келетін соңғылардың құзыреті мен лауазымдық міндеттерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Объект басшысы тиісті бұйрық шығарады, функциясы лауазымдық міндеттеріне енгізіледі.

7. Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастырудың мақсаты терроризм актісін жасауды болдырмайтын (объектінің аумағында терроризм актісін жасау қаупін азайтатын) жағдайлар жасау, сондай-ақ оны барынша азайту және (немесе) ықтимал террористік қатерлердің салдарын жою болып табылады.

8. Объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігі келесі жағдайларды жасау арқылы қамтамасыз етіледі:

1) шаралар қабылдау арқылы қол жеткізілетін объектілерге заңсыз кірудің алдын алу:

объектілерге кіруге рұқсаттама орнату және оны қатаң сақтау;

объектіге заңсыз кіруді анықтау арқылы объектіні инженерлік-техникалық тұрғыдан нығайту;

2) терроризмге дайындық және (немесе) акт жасау белгілерін анықтау мынадай шараларды қабылдау арқылы жетіледі:

күдікті адамдар мен заттарды анықтау үшін объектілердегі және қоршаған аумақтағы жағдайды бақылау;

қызметкерлер арасындағы терроризм профилактикасы (құқықтық оқыту, терроризмге жағымсыз эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру);

объектілерді инженерлік-техникалық жарақтандыру тұрғысынан материалдық-техникалық базаны жақсарту;

3) объектілерде терроризм актілерін жасау әрекеттерінің жолын кесу:

объектінің дайындалған қызметкерлерінің күшімен объектілерді күзетуді жүзеге асыру немесе күзет қызметі субъектілерімен шарт жасасу;

келушілердің объектілер мен көлік құралдарына кіруінің белгіленген тәртібін тұрақты бақылауды ұйымдастыру;

ұжымның қауіпсіздік мәдениетін, терроризмге қарсы саналарын қалыптастыру;

объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық іс-шараларды бақылау;

4) объектілердегі ықтимал террористік қатерлердің салдарын азайту және жою, оған келесі шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

объектілердің сипаттамаларына сәйкес келетін террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге жауап беретін іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеу;

күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін, қызметкерлерді, олардың терроризм актісін жасау кезіндегі және одан кейінгі әрекеттеріне қатысты тиісті дайындығы;

объектіде терроризм актісі жасалған кезде уәкілетті органдарға уақтылы хабарлауды ұйымдастыру;

объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспортын уақтылы жасау және жаңарту, оны тиісті түрде сақтау.

Қорғау шараларын ұйымдастыруды алдын ала жүргізу, сараланған тәсіл, сәйкестік және кешенділік қағидаттарына негізделген.

9. Объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары немесе басқа лауазымды тұлғалары жалға алынған ғимаратқа (бөлмеге) орналасқан кезде объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспортын жасайтын, объектіні күзететін, заманауи инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтайтын тараптардың жалға алу келісім шартында анықталуын қамтамасыз етеді, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалайды, өткізу режимін ұйымдастырады және іс-шараларды қаржыландырады.

10. Объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары және өзге де лауазымды адамдары терроризм актісінің жасалу қаупі туралы ақпарат алған кезде туындайтын террористік қатерлерге уақтылы және барабар ден қою және террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризм актілері жасалуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығымен бекітілген

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларына сәйкес шаралар қабылдайды.

11. Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау саласындағы құжаттардың тізбесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес айқындалған.

2-тарау. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

12. Объектілерге өткізу режимін бақылауды күзет қызметтерін көрсететін лицензиясы бар, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілерді күзетуді жеке күзет ұйымдары жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік күзетуге жататын объектілерге өткізу режимін бақылауды ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерімен жүзеге асырылады.

14. Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт болмаған жағдайда ұйым басшысы өткізу режимін ұйымдастыруға, бақылауға және қамтамасыз етуге жауапты адамдар мен құрылымдық бөлімшені анықтайды.

15. Әрбір объектіде өткізу және объектішілік режимін ұйымдастыру тәртібі негізінде ұйым басшысы күзет функцияларына жауапты қызметкердің лауазымдық нұсқаулығында тиісті құқықтар мен міндеттерді қарастырады.

16. Террористік тұрғыдан осал объектілерді қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсаттары бар ұйымдармен заңнамада белгіленген тәртіппен жеке күзет ұйымдарымен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

17. Объектілерді терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізу режимі бағытталған:

1) аумаққа рұқсатсыз кірудің алдын алу, сондай-ақ бөгде адамдар мен автокөліктің бақылаусыз жүріп-тұру мүмкіндігін болдырмауға;

2) еркін айналымға тыйым салынған заттар мен нәрселердің, оның ішінде атыс қаруы мен суық қарудың, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылардың рұқсатсыз қозғалуын болдырмауға;

3) материалдық және ақпараттық ресурстарды сақтауға, құқыққа қайшы көріністерге жол бермеуге, ұрлық фактілерінің жолын кесуге;

4) объектілерде тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге.

18. Өткізу режимі келесі жолдармен жүзеге асырылады:

1) объектілерге кіруді бақылау функциясы бар өткізу бекетін ұйымдастыру;

2) қорғаныс объектілерін бөгде тұлғалардың және автокөліктің рұқсатсыз кіруін болдырмауға, мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге арналған инженерлік-техникалық

күзет құралдарымен, сондай-ақ кіруді бақылау мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерімен, күзет дабылымен, бейнебақылаумен жарактандыру;

3) аумақты аралауды (патрульдеуді) жүзеге асыру, ықтимал күдікті заттарды, бөгде тұлғалардың болуын анықтау үшін көзбен шолып қарау;

4) тұрақты, уақытша, біржолғы және материалдық рұқсатнамаларды енгізу және олардың иелеріне объектіге кіру, сондай-ақ тауар-материалдық құндылықтарды кіргізу/шығару (әкелу/әкету) құқығын беру;

5) объектіге кіруге құқығы бар тұлғалардың, рұқсатнамалар беру жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті жауапты қызметкерлердің тізбесін, сондай-ақ кіргізуге/шығаруға (әкелуге/әкетуге) тыйым салынған заттар мен нәрселерді айқындау;

6) құпия құжаттармен жұмыс істеу үшін режимдік орынжайларға кіруге рұқсат берілген тұлғалар тобын шектеу;

7) ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылау.

19. Объектіге кіру режимі объекті әкімшілігі әзірлейтін және басшының бұйрығымен бекітілетін кіру және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

20. Объектілерге арналған өткізу режимін ұйымдастыру тәртібінде көздейді:

объектілерде жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс кестесі және олардың жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта кіру тәртібін;

келушілерді объектіге өткізу тәртібін;

материалдық құндылықтарды әкелу (әкету), кіргізу (шығару) тәртібін;

егер өзге құқықтық актілерде көзделмеген болса, объектілерге алып өтуге тыйым салынған нәрселер мен заттардың тізбесін;

объектілердің ықтимал қауіпті учаскелерінің тізбесін (кіру қақпасы, кіру есігі, қосалқы шығу, бірінші қабаттың терезелері, жертөле үй-жайы);

кіру учаскесіне кемінде екі негізгі аймақтар белгіленеді:

бірінші аймақ - қызметкерлерге, келушілерге кіруге шектеу қойылмаған ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар;

екінші аймақ - белгіленген санаттағы тұлғаларға ғимараттар мен үй-жайларға кіруге рұқсат етілген электрщиттер, қазандықтар.

21. Әрбір объектіде өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібінің негізінде, оған тән ерекшеліктерді ескере отырып, ұйымның басшысы немесе жеке күзет ұйымының басшысы (объект басшысының келісімі бойынша) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық нұсқаулықты әзірлейді, ол міндетті түрде көздейді:

1) объектіде болу құқығы бар, соның ішінде өткізілетін бұқаралық іс-шараларды ескере отырып, тиісті құжаттарын тексеруді;

2) объектінің аумағына автокөлік құралдарын өткізу кезінде әкелінетін жүктердің тиісті құжаттарын және сипатын тексеруді;

3) қызметтік істер бойынша объектіге баратын адамдардың құжаттарын және басқа ұйымдардан келу мақсаттарын тексеруді, келушілер кітабына тиісті жазбалар жасауды;

4) ішкі үй-жайларды тексеруді, объектінің периметрін қарауды және қоршауларды бүліну тұрғысынан тексеруді, бөгде, жарылу қаупі бар және күдікті заттарды анықтау тұрғысынан объектілердің аумағын үнемі аралауды;

5) барлық анықталған бұзушылықтар туралы объект басшысына және күзет кәсіпорнындағы өзінің тікелей басшыларына дереу баяндауды;

6) объектінің периметріне тікелей жақын жерде ұзақ уақыт тұрақтаған белгісіз автокөлік анықталған кезде қызметкерлерге, келушілерге қатысты объектінің аумағына кіруге және (немесе) құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға белгіленген қағидаларды бұзуға тырысқан тұлғалар анықталған жағдайда нақты объектінің жарақтандырылуын негізге ала отырып, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалардың іс-әрекеттерін.

22. Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерге алып кіруге тыйым салынған негізгі заттардың тізбесі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалған.

23. Күзет қызметі субъектілерімен күзет қызметін көрсету туралы шарт жасасқан жағдайда меншік иелері, иелер, ұйым басшысы күзет қызметі шартында терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету бойынша күзет қызметі субъектісі іске асыратын іс-шараларды және тиісті қауіпсіздік деңгейін көрсетуі қажет, оларға жатады:

1) қызметкерлердің, келушілердің, көлік құралдарының объектіге немесе оның бөлігіне (аймағына) кіруін ұйымдастыру;

2) объекті аумағында құқыққа қарсы ниеті бар тұлғаларды және кіргізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтау;

3) объектіні күзету, оның ішінде бөгде тұлғалардың бақылаусыз болуын болдырмау ;

4) объектіде адамдардың көп болуы мүмкін орындарды бақылау;

5) жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындайтын техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған іс-шараларды орындау бойынша оқу іс-шараларын ұйымдастыру;

6) күзет ұйымдарының қызметкерлерімен объектіде орнатылған инженерлік-техникалық қорғау құралдарын тиісінше пайдалану және оларды пайдалану дағдыларын алу мен жетілдіру бойынша қосымша оқу өткізу.

24. Өткізу режимі туралы ақпаратты объектінің әкімшілігі тиісті аумақта көрінетін жерге орналастырады.

3-тарау. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

25. Объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырушысы болып табылады.

26. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында объект басшысымен оларды үйлестіру, сондай-ақ объектінің қызметкерлерімен көрсетілген іс-шараларды өткізуге объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізу жауапты тұлғаға жүктеледі.

27. Профилактикалық іс-шаралардың мақсаты объектіде терроризм актісін жасауды барынша азайтуға ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады.

28. Оқу іс-шараларының мақсаты қызметкерлерді терроризмге қарсы қауіпсіздіктің негізгі қағидаларымен таныстыру, терроризм актісінің жасалу қаупі төнген кезде және ол жасалғаннан кейін сауатты және ұтымды мінез-құлық дағдыларын тұжырымдау болып табылады.

29. Профилактикалық және оқу іс-шаралары нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) және эксперименттер түрінде өткізіледі:

1) объект қызметкерлерімен;

2) террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерімен.

30. Объектілерде эксперименттер жүргізуді және ұйымдастыруды терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб жүзеге асырады және ол терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге, салдарларын барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуде объектілердің дайындық режимін бағалауды қамтиды.

31. Нұсқамаларды, сабақтарды (практикалық және теориялық) өткізуге объект орналасқан жердегі әкімшілік-аумақтық бірліктің терроризмге қарсы комиссиясының келісімі бойынша мүдделі уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері тартылады.

Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) тақырыптарының нұсқалары осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес айқындалған.

32. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметі субъектілерімен профилактикалық және оқу іс-шараларын жоспарлауды күзет қызметі субъектісінің басшысы ұйымдастырады.

33. Сабақтар (практикалық және теориялық) күзет қызметі субъектісі басшысының келісімі бойынша ұйым басшысы бекіткен өткізу кестелеріне сәйкес жүргізіледі.

34. Объектінің орынжайларында және аумағында терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар объектінің барлық ұжымын қамти отырып, терроризмге қарсы комиссияның үйлестіруімен жылына бір рет өткізіледі.

35. Объектінің барлық ұжымын қамти отырып, практикалық сабақтарды өткізу үшін алдында қызметкерлердің жекелеген топтарымен (жұмыстың ерекшелігін ескере отырып) теориялық және практикалық сабақтар, нұсқамалар өткізіледі.

36. Өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты қызметкерлермен терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын алу және (немесе) жетілдіру, үй-жайларды қарап тексеру әдістемесі, жарылғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

37. Нұсқаманы өткізу сипаты мен мерзімі бойынша жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

38. Нұсқама беру барысында осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатер және терроризм актісі туындаған кезде оның салдарларын азайту және жою тәсілдерімен әртүрлі объектілердегі адамдар тобының іс-қимыл алгоритмдері жеке құрамға дейін жеткізіледі.

39. Жоспарлы нұсқама жылына бір рет өткізіледі. Жоспарлы нұсқама жеке немесе қызметкерлер тобы үшін өткізіледі.

40. Жоспардан тыс нұсқаманы объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не жүргізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері мынадай жағдайларда жүргізеді:

- 1) объект орналасқан өңірде террористік қауіптілік деңгейі енгізілген;
- 2) терроризм актісін жасаудың ықтимал қатері туралы ақпарат болған;
- 3) оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындалған;
- 4) күзет іс-шараларын өткізуге дайындалған.

41. Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны оны жүргізу қажеттілігін тудырған себептер мен мән-жайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

42. Практикалық және теориялық сабақтар террористік тұрғыдан осал объектінің басшысы (күзет қызметі субъектісінің басшысы) бекіткен өткізу кестесіне сәйкес жылына кемінде бір рет кезеңділікпен жүргізіледі.

Практикалық және теориялық сабақтар объектінің қызметкерлерімен жеке немесе топтармен өткізіледі.

Теориялық сабақтар барысында қажетті ақпарат жеткізіледі, ал практикалық сабақтар барысында персоналдың іс-қимылы пысықталады:

- 1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуация жүргізу бойынша;
- 2) терроризм актісі қатері төнген жағдайда;
- 3) объектіде күдікті тұлғалар мен заттар, сондай-ақ объектіге тән терроризм актілерін жасаудың өзге де сценарийлері анықталған кезде.

43. Нұсқамалар мен сабақтарды өткізу туралы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы қорғау бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналында жазба жүргізіледі.

Журнал нөмірленеді, тігіледі және объектінің мөрімен бекітіледі. Журналды толтыру қатаң бірізділікті сақтай отырып жүргізіледі.

Журналды жүргізуді объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізуге жауапты тұлға жүзеге асырады.

44. Жеке құрамы көп (20 адамнан астам) объектілер үшін аталған іс-шараларды өткізуді құжаттау хаттама немесе анықтама түрінде жүзеге асырылады.

45. Объектіде эксперимент жүргізу фактісі эксперимент жүргізу нәтижелері туралы актімен расталады, ол объекті басшысында сақталады.

46. Объектіде эксперимент нәтижелері туралы акт келіп түскеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оның басшысы, өзге лауазымды адам тиісті ден қою шараларын, оның ішінде оқытудың мазмұнына өзгерістер енгізуді де қабылдайды.

47. Әртүрлі объектілердегі адамдар тобының іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау бойынша жоспарланған практикалық сабақтар туралы терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізуге жауапты тұлға 5 тәуліктен кем емес уақытта ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарын хабардар етеді.

4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

48. Объектілердің және объектілерді күзетуге шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін іске асыру немесе жасау қатерлеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету, терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, машықтандыруларды, терроризмге қарсы операцияларды дайындау және өткізу шеңберінде аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарымен және терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен өзара іс-қимыл жасайды.

49. Терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимыл объект үшін террористік сипаттағы неғұрлым ықтимал қатерлерді нақтылау арқылы алдын алу және оқу-жаттығу іс-шараларын жоспарлау кезеңінде белгіленеді.

50. Объектіні терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб әртүрлі деңгейдегі терроризмге қарсы сабақтар, жаттығу іс-шараларын өткізуге, күзет бөлімшелері мен объекті персоналының іс-қимылдарын бағалауға тартқан жағдайда, ұйым басшысы, сондай-ақ күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің басшысы көрсетілген іс-шараларды өткізуге қызметкерлердің қажетті тобы тартылуын және қатысуын қамтамасыз етеді.

51. Терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі сабақтарды, жаттығу іс-шараларын өткізу, күзет бөлімшелері мен объекті қызметкерлерінің іс-қимылдарын бағалау қорытындылары бойынша тиісті жоспарларға, кестелер мен алгоритмдерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

52. Терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан объектілердің және күзет қызметі субъектілерінің басшылары 10 (он) жұмыс күні ішінде объект персоналының, күзет қызметі субъектілерінің іс-қимыл алгоритмдерін әзірлейді:

1) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан ақпарат алған кезде;

3) жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған алғашқы ден қою іс-шараларын орындау бойынша.

53. Террористік қауіптілік деңгейін анықтау кезінде объектілердің басшылары келесі шараларды қабылдайды:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектіде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік, құлақтандыру, бейнебақылау және күзет сигнализациясы жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін тексеру және қамтамасыз ету;

келушілерді, персоналды және көлік құралдарын, қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып тексеру;

алынған ақпаратқа байланысты тиісті саладағы мамандарды тарта отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілері, дағдарыс жағдайларын жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің қызметкерлері арасында нұсқама өткізу;

терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатері төнген кезде персоналмен іс-қимыл бойынша оқу іс-шараларын өткізу;

эвакуациялау орындарын анықтай отырып, адамдарды, материалдық құндылықтарды және құжаттаманы шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау;

2) террористік қауіптіліктің "қызғылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейі белгіленген кезде қабылданатын шаралармен қатар):

терроризмге қарсы күрес жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды, терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша пысықтау;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметкерлерді жоғары дайындық режиміне келтіру;

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейі белгіленген кезде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлері енгізілген кезде қолданылатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару жөнінде шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

объектінің қызметін тоқтату (қажет болған жағдайда).

5-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және айналысқа қойылатын талаптар

54. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі - паспорт) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мүдделі органдар объектіде терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлаған кезде пайдалануға арналған.

55. Паспорт электрондық нұсқаны бір мезгілде әзірлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) сәйкес екі данада әзірленеді.

56. Паспорт қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжат болып табылады.

Объектілерде паспорт таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын құжат болып табылады, егер оған құпиялылық белгісі берілмесе, оның "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады. Паспортқа құпиялылық белгісін беру туралы шешім Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады. Меншік нысанына қарамастан меншік иелері, иелері, ұйым басшысы паспортты әзірлеуге, объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге, объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылауға, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб қызметіне тартылмаған адамдардың паспортқа қол жеткізуін шектеу бойынша шаралар қабылдайды.

57. Объект бірнеше құқық иеленушіге тиесілі ғимаратта, үй-жайларда (ғимараттар мен құрылыстар кешені) орналасқан жағдайда, паспорт жасау олардың арасындағы жазбаша келісімі бойынша объектілердің барлық құқық иеленушілерімен немесе олардың біреуімен бірлесіп жүзеге асырылады.

58. Объект басшысы паспортты әзірлеуге, сақтауға және оның деректерін уақтылы жаңартуға жауапты тұлғаны (тұлғаларды) тағайындайды.

59. Паспорттың жобасы объект басшысымен объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (

бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы тиісті хабарламаны алған кезден бастап қырық бес жұмыс күні ішінде жасалады.

60. Аумақтық тізбеге енгізілген объект паспортының жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық ішкі істер органдары басшысына келісуге жіберіледі.

Паспорттың жобасын келісу мерзімі үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды тұлғаға паспорт келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайды.

61. Паспорттың жобасына ескертулер болған жағдайда, ол қайтаруға негіз болған себептерді көрсете отырып, паспорттың жобасын жіберген тұлғаға қайтарылады.

Паспорттың жобасы қайтарылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады.

Қайта келіп түскен паспорт жобасын келісу мерзімі (бұрын көрсетілген ескертулерді орындау үшін) жеті жұмыс күнінен аспайды.

62. Паспорттың жобасына ескертулерге және паспортты келісетін лауазымды адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

63. Келісілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде паспортты (оның ішінде оны жаңарту кезінде) объектінің құқық иесі болып табылатын объектілердің басшысы бекітеді.

64. Ғимарат, үй-жайлар (ғимараттар мен құрылыстар кешені) бірнеше құқық иеленушіге тиесілі объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған жағдайларда, паспорт жасау олардың арасындағы жазбаша келісім бойынша объектілердің барлық құқық иеленушілерімен немесе олардың біреуімен бірлесіп жүзеге асырылады.

65. Паспортты бірлесіп жасаған кезде террористік тұрғыдан осал объектілердің барлық құқық иелерімен бекітуге жатады.

66. Бір құқық иеленуші жасаған кезде паспортты объектінің басқа құқық иеленушілердің келісімі бойынша объектінің басшысы бекітеді.

67. Паспорт көшірмелерінің (электрондық көшірмелерінің) саны және оларды объектінің басқа құқық иеленушілеріне жіберу олардың құқық иеленушілері арасындағы жазбаша келісімімен айқындалады.

68. Объектілердің паспортын есепке алу номенклатуралық іс форматында жүзеге асырылады.

69. Паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) қол жетімділігі шектеулі ақпаратпен жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жауапты тұлғада немесе оның басшысының бұйрығымен айқындалатын объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының бұйрығымен айқындалған объектінің бөлімшесінде сақталады.

70. Терроризм актілерінің салдарын жоюға және барынша азайтуға тартылған органдарға паспортты уақтылы беруді қамтамасыз ету мақсатында паспортқа екі данада құжаттарды уақытша беру актісі жасалады.

71. Құжаттарды уақытша беру актісінің бір данасы паспортпен бірге терроризмге қарсы операцияға басшылықты жүзеге асыратын жедел штабқа беріледі. Екінші данасы паспортты сақтауға жауапты адамда қалады.

72. Паспорттың екінші данасы және паспорттың электрондық нұсқасы (электрондық ақпарат тасығышта PDF форматында) ол бекітілген немесе түзетілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде сақтау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі.

73. Паспорт өзгерген жағдайларда түзетіледі:

- 1) меншік құқығы;
- 2) объектінің басшысы;
- 3) объектінің атауы;
- 4) объектінің негізгі мақсаты;

5) объектінің жалпы ауданы мен периметрі, іргелес аумақты салу немесе күрделі жөндеу, ғимараттарды (құрылыстар мен құрылыстарды) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау аяқталғаннан кейін, егер конструкцияда өзгерістер жүргізілген болса ;

6) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері;

7) объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін тартылатын техникалық құралдар.

74. Паспортқа түзетулер енгізу оның өзгеру себебі туындаған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жекелеген жағдайларда терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша объектінің күрделілігіне және енгізілетін өзгерістерге сүйене отырып, өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін.

75. Паспортқа объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының немесе ұйымның паспортқа қол қоюға уәкілеттік берген тұлғасының қолымен куәландырылған өзгерістер енгізіледі. Өзгерістер болған паспорттың элементтері ғана ауыстырылуға жатады. Бір мезгілде объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың екінші данасына қоса тіркеу үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жіберіледі.

76. Паспорт толық ауыстырылуға жатады:

- 1) кемінде бес жылда бір рет;
- 2) паспорт мәтінінің жартысынан астамына түзетулер енгізілген жағдайда.

Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жойылуға жатады. Акт объектінің құқық иесі болып табылатын ұйымда қалады. Актінің көшірмесі паспорттың екінші данасының сақталу орны бойынша жіберіледі.

77. Паспорт терроризмге қарсы операция, оқулар, жаттығулар мен эксперименттер кезінде қолданылады.

6-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға қойылатын талаптар

78. Терроризм актісін жасаудың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектілер мынадай топтарға бөлінеді:

1) бірінші топқа жатқызылған Министрліктің объектілерінде, сондай-ақ ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларында қызметтерін жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерде бір мезгілде 200-ден 300 адамға дейін (сыйымдылығы) есептелген;

2) екінші топқа жатқызылған Министрліктің объектілерінде, сондай-ақ ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларында қызметтерін жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерде бір мезгілде 300-ден және одан аса адамға (сыйымдылығы) есептелген;

бір уақытта 500 және одан көп адамдар болады (сыяды) деп есептелген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайлары. Сыйымдылығына қарамай спорттық атыс бойынша спорт клубтары;

қызметкерлердің санына қарамастан Министрліктің, оның Комитеттерінің әкімшілік ғимараттары.

79. Бірінші топтың объектілері міндетті түрде хабардар ету жүйесімен және ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына не аумақтық кезекші бөлімдеріне бейне-бейнені бере отырып, бейнебақылау жүйесімен жарақтандырылады.

80. Екінші топтың объектілері осы Нұсқаулықтың 79-тармағында көзделген техникалық жарақтандыруға қосымша аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне не күзет қызметі субъектілерінің орталықтандырылған бақылау пультіне ұтқыр не стационарлық дабыл беру құралымен (дабыл түймесі) жарақталады.

81. Адамдар көп жиналатын объектілер осы Нұсқаулықтың 79 және 80-тармақтарында көзделген іс-шараларға қосымша:

1) объектілерде қаруды, объектіге және объекіден санкциясыз кіргізуге (шығаруға), әкелуге (әкетуге) тыйым салынған басқа да бұйымдар мен заттарды табу мақсатында техникалық тексеріп қарау құралдарымен жарақтандырылады;

2) объектілердің ғимараттарына, үй-жайлары мен аймақтарына санкцияланған кіруді және (немесе) олардан шығуды қамтамасыз ету мақсатында объектілер кіруді бақылау және басқару жүйесімен жабдықталады;

3) объектіге келушілерді басып кету қаупін болдырмау үшін олардың орналасуына (кіру топтары, адамдар жаппай болуы мүмкін ашық орындар) және көлік құралдарының қозғалысы жолдарына қатысты кірме жолдарға байланысты таранға қарсы құрылғылармен жабдықталуы мүмкін;

4) қауіптілігі ықтимал учаскелердің болуына байланысты күзет сигнализациясы жүйесімен жарақталады.

82. Объектілер мемлекеттік қорғауға жататын объектілерге жатқызылған жағдайда, олар осы Нұсқаулықтың 78-тармағында көрсетілген топтарға бөлінуіне қарамастан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді инженерлік-техникалық нығайтуға қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталады.

83. Техникалық тексеріп қарау құралдарына портативті (ықшам, жылжымалы) металл іздегіш, рентген-телевизия қондырғысы, стационарлық металл іздегіш жатады.

84. Портативті (ықшам, жылжымалы) металл іздегіш:

1) қондырғыны ауыстыру жылдамдығы секундына 0,2 – 0,5 метр болған кезде 0,12 – 0,15 метр қашықтықтағы металл заттарды табуды қамтамасыз етеді (мөлшері 100x100x1 миллиметр болат пластинка), металл зат болғанда дыбыстық сигнал береді, электромагнитті жағдайлары шартында қалыпты жұмысты қамтамасыз етеді;

2) пайдалануға берілген сәттен бастап кемінде 1 жыл кепілдік берілген пайдалану мерзімі, орташа қызмет мерзімі – кемінде 3 жыл, кепілдік берілген сақтау мерзімі – бұйым шығарылған сәттен бастап кемінде 1 жыл болуы;

3) пайдалану орнында диагностика және жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді;

4) автономды қорек көзінен жұмыс істеу кезінде бұйым қоректену көздерінің 60 % разрядталған кезде (кернеуі бойынша) табу сипаттамаларын сақтайды, кемінде 10 сағат автономды қорек көзінен бұйымның үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығын қамтамасыз етеді.

85. Рентген-телевизия қондырғысы:

1) металл және металл емес атыс қаруын, оның бөлшектерін, барлық калибрдегі оқ-дәріні, гранаталарды және басқа да жарқыншақты/жарылғыш әсері бар қару түрлерін, пышақтарды, келдекті, қылыштарды, әскери және коммерциялық мақсаттағы жарылғыш заттарды, детонаторларды және сағатпен жүретін механизмдерді, электр және электронды бұйымдарды, электр энергиясы көздерін анықтайды;

2) пайдалану режимінде рентгендік сәулелену генераторының сипаттамалары мен көрініс сапасының болуы:

ену қабілеті – болат бойынша 27 миллиметр;

рұқсат берілетін қабілеті – 0,1 миллиметр;

анодты кернеу: номиналды – 160 киловатт, жұмыс істеу – 140 киловатт;

түтікше тоғы - 0,7 миллиампер болуы;

мәжбүрлі желдеткіші бар герметикалы май ваннасында түтікше сууға;

3) "Жоғары ену қабілеті" опциясын пайдалану кезінде ең жоғары режимде рентгендік сәулелену генераторының сипаттамалары мен көрініс сапасының болуы:

ену қабілеті: 35 миллиметр;

рұқсат берілетін қабілеті: 0,1 миллиметр;

анодты кернеу: 160 киловатт - атаулы, жұмыс - 140 киловатт;

түтікше тоғы - 0,7 милиампер болуы;

сәулеленудің азаюының үлгілік деңгейі сағатына 0,1 микрорентгеннен аспайды;

4) рентген-телевизия қондырғысы конвейерінің жылдамдығы кемінде секундына 0,15 метр болуы;

5) пайдалануға берілген сәтінен бастап кемінде 1 жыл кепілдік берілген пайдалану мерзімінің, орташа қызмет мерзімі – кемінде 6 жыл, кепілдік берілген сақтау мерзімі – бұйым шығарылған сәттен бастап кемінде 1 жыл болуы;

6) пайдалану орнында диагностика және жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді;

7) рентгендік сәулеленуді қосуда жарықен сигнал беруге, қорғау экрандарының тұтастығы бұзылған кезде рентгендік сәулеленуді ажыратуды және пайдалану жүктемесі асып кеткен және жарамсыз жағдайда электр тогын беруді тоқтатуды қамтамасыз ететін блоктағышы болуы;

8) кинофотоматериалдарды, электрондық тасығыштарды рентген-телевизия қондырғысының жұмыс аймағы арқылы он еселенген өткізу кезінде рентген-телевизия қондырғысындағы сәулеленудің олардың тұтастығын бұзуға мүмкіндік бермейтін деңгейі болуы;

9) рентген жабдығының сыртқы панельдерінен 5 сантиметр арақашықтықта рентгендік сәулелену дозасының қуат деңгейі секундына 0,03 рентгеннен аспауға, жұмыс істеп тұрған рентген жабдығының шуылдау деңгейі 60 децибельден аспауы;

10) рентген жабдығының конструкциясы рентгендік сәулеленудің әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

86. Стационарлық металл іздегіш:

1) адам денесіндегі және оның киіміндегі объектіге тасымалдауға тыйым салынған металл заттарды табуға мүмкіндік береді, бұл ретте жалпы салмағы 100 грамнан аспайтын өзі пайдаланатын металл заттарға жалған іске қосылуға мүмкіндік береді;

2) тыйым салынған металл зат болғанда автоматты жарықпен және дыбыспен сигнал береді, орнатылған табу параметрлерінің санкцияланбаған өзгерісін болдырмауға, оның электрондық бұйым схемасы дабыл сигналы сөнгеннен кейін 3 секундтан соң автоматты түрде бастапқы қалпына келеді (дабыл белгісінің аяқталуы қондырғының жұмысқа әзір екендігін білдіруге), жұмыс режиміне шығу уақыты желіге қосылғаннан кейін 30 секундтан аспайды;

3) датчиктердің блоктары арасындағы қашықтық 1 м болғанда жоспардағы жұмыста бір бірінен 3-тен 8 м-ге дейін арақашықтықта бір желіде орнатылған саны 2-ден 4 данаға дейін ұқсас құрылғылар тобының құрамында электромагнитті жағдайлар шарттарында рентген-телевизия қондырғыларымен бірге қалыпты жұмысты қамтамасыз етеді;

4) тәулік бойы режимде жұмыс істеген кезде барлық талаптарға сәйкес келеді, істен шығуға дейін жұмыс істеу – кемінде 6000 сағат, регламенттік жұмыстар уақыты – пайдалану уақытының кемінде 5%-ы, кепілдік берілген пайдалану мерзімі –

пайдалануға берілген сәттен бастап кемінде 1 жыл, орташа қызмет мерзімі – кемінде 6 жыл, кепілдік берілген сақтау мерзімі – бұйым шығарылған сәттен бастап кемінде 1 жыл;

5) пайдалану орнында диагностика мен жөндеуді жүргізуге мүмкіндік береді, диагностика әдістерімен бірге бұйымды пайдалану және оның толық техникалық сипаттамасы жөніндегі нұсқаулықтан тұратын оның қалыпты және қауіпсіз пайдаланылуын, жарамды жай-күйін және жөнделуін қолдау үшін жеткілікті құжаттамамен жабдықтайды;

6) биіктігі кемінде 2 метр және ені 0,76 метр ойығы бар арқасы, шолу және реттелетін дыбыс сигналы, сондай-ақ құбылмалы жағдайларға байланысты сезімгіштік деңгейін өзгерту мүмкіндігінің болуы.

Тексеру кезінде қолданылатын барлық техникалық құралдар мынадай қауіпсіздік талаптарына жауап береді:

1) электр тоғымен зақымдануды болдырмайтын қорғаныш тұйықталу контурын қамтиды;

2) электр қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) бұйымдарда қолданылатын материалдар адам денсаулығы үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

87. Бейнебақылау жүйесі объектідегі жағдайға бақылау жүргізу, сондай-ақ санкцияланбаған кіру фактісін көзбен шолып растау мақсатында, жағдайды бағалау және құқық бұзушылардың іс-әрекеттерін тіркеу үшін белгіленеді.

88. Жеке ғимаратта (ғимараттар кешенінде) орналасқан объектіде бейнебақылау жүйесі мыналармен жабдықталады:

1) объектіге іргелес аумақтың периметрі;

2) бақылау-өткізу пункттері (бар болса);

3) негізгі және қосалқы кіреберістер;

4) объектіде адамдар көп болуы мүмкін орындар;

5) ықтимал қауіпті учаскелері бар аумақ пен үй-жайлар, оларға апаратын үй-жайлар (орындар), дәліздер;

6) тексеріп қарау үй-жайлары (бөлмелері), көлікті тексеріп қарау учаскелері (бар болса);

7) объект басшысының (меншік иесінің) қалауы бойынша басқа да үй-жайлар мен аумақтар жатады.

89. Ғимараттың бір бөлігін алып жатқан объектіде бейнебақылау жүйесімен:

1) объектіде адамдардың жаппай көп болуы мүмкін орындар;

2) негізгі және қосалқы кіреберістер (бар болса) қамтылуы қажет.

90. Бейнеқылау жүйесі:

1) қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметкерінің бекетінде орнатылған көрнекі ақпаратты телекамералардан техникалық құралға немесе алынған ақпаратты жинаудың, өңдеудің, көрсетудің және тіркеудің техникалық құралдарының жиынтығына беруді;

2) автоматтандырылған режимдегі жұмысты;

3) қазіргі уақыт режимінде объектідегі жағдайды бағалау мүмкіндігін;

4) 30 тәуліктен кем емес мерзімде ақпаратты сақтауды қамтамасыз етеді.

91. Тәуліктің қараңғы уақытында, егер үй-жайлардың және объектілердің іргелес аумақтарының жарықтандырылуы телекамералардың сезімталдығынан төмен болса, көрінетін немесе инфрақызыл жарық диапазонының (ол болған жағдайда) жарықтандырылуы қосылады.

92. Бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) Бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең төмен техникалық шарттарына сәйкес келеді.

93. Объектілер қызметкерлерді және объектіге келушілерді штаттан тыс жағдайдың туындауы (терроризм актісінің жасалу қаупі немесе жасалуы және туындаған салдарлар туралы) туралы жедел хабардар ету және олардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында хабардар ету жүйелерімен және құралдарымен жаратандырылады.

94. Қызметкерлерді және объектіге келушілерді хабардар ету алдын ала әзірленген жоспарға сәйкес басқа да техникалық және жылжымалы байланыс құралдарының (сигнализация) көмегімен ішкі байланыс желілері бойынша жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ғимараттарға, үй-жайларға, адамдар тұрақты немесе уақытша болатын объект аумағының учаскелеріне дыбыстық және жарық сигналдарын беру;

2) сөйлеу ақпаратын автоматты режимде де (бұрын жазылған мәтінді оқу), сондай-ақ қауіп сипаты, объектілердің үй-жайларында эвакуациялауды немесе бұғаттауды жүзеге асыру қажеттілігі мен тәртібі, объектінің персоналы мен келушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы микрофон көмегімен де трансляциялау. Үй-жайларды эвакуациялау және бұғаттау туралы хабарлау жүйелері сигналдарымен ерекшеленеді.

95. Хабарлағыштардың саны және олардың қуаты адамдар тұрақты немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естілуін қамтамасыз ету, эвакуация жүргізілген жағдайда оны жүргізу үшін қажетті есептік уақыт ішінде әрекет етеді.

96. Дабыл беру құралы (мобильді немесе стационарлық) (дабыл түймесі) объектіде терроризм актісінің жасалу қаупі туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету мақсатында орнатылады.

97. Дабыл беру құралы міндетті түрде объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғаны постпен және жаппай өткізуге арналған объектіге кірумен жабдықталады.

98. Объектілердің ғимараттарына, үй-жайлары мен аймақтарына санкцияланған кіруді және (немесе) олардан шығуды қамтамасыз ету мақсатында объектілер кіруді бақылау және басқару жүйелерімен және (немесе) кіруді шектеу құралдарымен жабдықталады.

Объектіні кіруді бақылау және басқару жүйесімен жарақтандыру объектіге және (немесе) оның аймақтарына (учаскелеріне) персонал мен келушілердің әртүрлі кіру деңгейін көздейтін аймақтар бойынша жүргізіледі.

99. Кіруді бақылау және басқару жүйелері терроризм актісін жасауға әрекет ету немесе жасау, дәлелдеме базасын қалыптастыру кезінде объективті тергеп-тексеруді қамтамасыз ету, объект персоналы немесе бөгде адамдар санкцияланбаған іс-қимыл жасаған кезде тергеп-тексеру жүргізу мақсатында кейіннен бірімәнді жіктеу үшін барлық оқиғалар архивін ақпарат жеткізгіштерге автоматты түрде жазуды және бір жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

Турникет құрылғыны қолмен және автоматты және (немесе) қашықтықтан ашуды және жабуды қамтамасыз етеді.

100. Персонал мен келушілер аз өтетін (келетін) объектілер үшін объектіге және (немесе) оның ықтимал қауіпті учаскелері мен қауіпті аймақтарына кіруді шектеу құралдарымен ғана жабдықтауға жол беріледі.

101. Объектіге және (немесе) объектінің қорғалатын аймағына санкциясыз ену немесе енуге әрекет жасау туралы хабарламаларды анықтау және беру мақсатында объектілер күзет және дабыл сигнализациясы жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

Күзет сигнализациясы жүйесінің құрылымы:

- 1) осы объектінің жұмыс режиміне;
- 2) үй-жайлардың ғимарат ішінде орналасу ерекшеліктеріне;
- 3) күзетілетін аймақтардың санына байланысты айқындалады.

102. Осы Нұсқаулықтың 78-тармағында айқындалған топтарға қарамастан, объектілер әлеуетті қауіпті учаскелер болған кезде сигнал беру жүйелерімен және құралдарымен жабдықталады.

103. Меншік иесінің, иеленушінің шешімі бойынша объектіде объектінің терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыруға ықпал ететін қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатылады.

Объектінің инженерлік-техникалық жабдығы әрдайым жұмыс жағдайында ұсталады.

104. Объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесіне енгізгеннен кейін 6 ай ішінде инженерлік-техникалық жабдықпен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда, объекті басшылығы объектіні жарақтандыруға арналған республикалық бюджеттің,

бюджеттен тыс көздердің қаражатын жоспарлау үшін шаралар қабылдайды, ал терроризмге қарсы комиссияға объектіні инженерлік-техникалық жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы келісуге ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт
министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен дене шынықтыру және
спорт, ойын бизнесі, лотереялар
және лотерея қызметі, туристік
қызмет, туризм және туристік
индустрия салаларындағы
қызметтерді жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерді терроризмге қарсы
қорғауды ұйымдастыру
жөніндегі Нұсқаулыққа
1-қосымша

Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау саласындағы құжаттардың тізбесі

1. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін жауапты тұлғаны және ол болмаған уақытқа орнын ауыстыратын тұлғаны (функционалдық міндеттерін көрсете отырып) тағайындау туралы бұйрығы
2. Объектілердің өткізу және объектішілік режимдерін ұйымдастыру туралы ереже (ол болған кезде) және объектілер басшысының оларды бекіту туралы бұйрығы.
3. Объектілерді терроризмге қарсы қорғауды нығайту жөніндегі ұйымдастырушылық және тәжірибелік іс-шаралар жоспары.
4. Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналы.
5. Әртүрлі объектілердегі адамдар тобының террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге әрекет ету жөніндегі Нұсқаулығы (жадынама).
6. Кезекшілікті қабылдау, тапсыру, объектілердің аумағын айналып өту журналы.
7. Объектілердің аумағына кіруге құқығы бар автокөлік құралдарының тізімі (қажет болған жағдайда).
8. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты.
9. Терроризм актісін жасау қаупі және өзге де төтенше жағдайлар туралы ақпарат алған жағдайда мекеме қызметкерлерін және келушілерді эвакуациялау жоспарлары мен тәртібі.
10. Объектілердің персоналын және объектілерге келушілерді практикалық және теориялық сабақтар өткізу кестесімен ғимараттардан қауіпсіз және уақтылы эвакуациялау бойынша практикалық сабақтар өткізу туралы бұйрығы.

11. Объектілердің персоналын террористік акт жасау қаупі төнген кезде немесе ол жасалған кезде қорғау тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту бағдарламалары, хаттамалары.

12. Объектілерді күзетуге арналған шарттар (күзет қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың лицензия көшірмелері), күзет сигнализациясы, бейнебақылау жүйелеріне қызмет көрсету.

13. Террористік қауіптілік деңгейлерін белгілеу кезіндегі объектілер персоналының іс-қимылдары жөніндегі Нұсқаулығы, алгоритмдері.

14. Террористік қауіптілік деңгейлерін белгілеу кезінде объектілердің персоналы мен келушілерін хабардар ету схемасы.

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт
министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен дене шынықтыру және
спорт, ойын бизнесі, лотереялар
және лотерея қызметі, туристік
қызмет, туризм және туристік
индустрия салаларындағы
қызметтерді жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерді терроризмге қарсы
қорғауды ұйымдастыру
жөніндегі Нұсқаулыққа
2-қосымша

Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектілері мен дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы қызметтерді жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерге алып кіруге тыйым салынған негізгі заттардың тізбесі

1. Қару:

1) атыс;

2) травматикалық, газ және жарық дыбыстық әсер ететін патрондары бар ұнғысыз;

3) суық, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын түрлі пышақтар;

4) лақтыру;

5) пневматикалық;

6) газ;

7) электр;

8) сигнал беру;

9) зақымдайтын әрекеті радиоактивті сәулеленуді және биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару;

10) зақымдайтын әрекеті электромагниттік, жарық, жылу, инфрақызыл немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген қару.

2. Механикалық және аэрозольді бүріккіштер мен көзден жас ағызатын, тітіркендіргіш және адам ағзасына теріс әсер ететін құрылғылар.

3. Заттар:

- 1) жарылғыш;
- 2) улы;
- 3) уландырғыштар;
- 4) радиоактивті;
- 5) каустикалық;
- 6) пиротехникалық;
- 7) жанғыш.

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт
министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен дене шынықтыру және
спорт, ойын бизнесі, лотереялар
және лотерея қызметі, туристік
қызмет, туризм және туристік
индустрия салаларындағы
қызметтерді жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерді терроризмге қарсы
қорғауды ұйымдастыру
жөніндегі Нұсқаулыққа
3-қосымша

Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) тақырыптарының нұсқалары

№ п/п	Тақырыптардың атауы	Өткізу нысаны	Білім алушылар контингенті
1.	Терроризм актісін жасау үшін пайдаланылуы мүмкін объектіні және басқа ақпаратты қорғау тәртібі бойынша мәліметті жария етуге тыйым салу туралы талаптармен танысу	Лекция	Жұмысқа алғаш қабылданған объектінің қызметкерлері
2.	Террористік тұрғыдан осал объектінің ерекшеліктері, оған терроризм актісі жасалған жағдайда ықтимал салдары	Лекция	Объектінің барлық қызметкерлері
3.	Үй-жайларды тексеру, жарылғыш	Лекция	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі

	құрылғыларды төсеу орындарын анықтау техникасы		іс-шараларға тартылатын қызметкерлер
4.	Объектілерде терроризм актісін болғызбау және объектінің аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі	Лекция	Объектінің басшылығы
5.	Объектіде терроризм актісі жасалған жағдайларда қызметкерлердің жауапкершілігі	Лекция	Объектінің барлық қызметкерлері
6.	Терроризм актісін өткізу қаупі туралы анонимді телефон қоңырауын алған кезде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
7.	Күдікті зат анықталған кезде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
8.	Объектінің жанында немесе оның аумағында күдікті адамдар анықталған кезде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
9.	Объектіге қарулы шабуыл жасау кезінде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
10.	Күдікті пошта жөнелтілімдері анықталған кезде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
11.	Кепілге алынған кезде объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқау-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
12.	Терроризмге қарсы қорғаныстың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану қағидалары	Тәжірибелік сабақтар	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлер
13.	Бақылау-өткізу пунктінде көлік құралдары мен	Тәжірибелік сабақтар	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі

адамдарды тексеру және
қарау тәртібі

іс-шараларға тартылатын
қызметкерлер

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт
министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен дене шынықтыру және
спорт, ойын бизнесі, лотереялар
және лотерея қызметі, туристік
қызмет, туризм және туристік
индустрия салаларындағы
қызметтерді жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерді терроризмге қарсы
қорғауды ұйымдастыру
жөніндегі Нұсқаулыққа
4-қосымша

Террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатер және терроризм актісі туындаған кезде оның салдарларын азайту және жою тәсілдерімен әртүрлі объектілердегі адамдар тобының іс-қимыл алгоритмдері

1. Қарулы шабуыл қауіпі туындаған кезде келушілердің іс-әрекеттері:

1) қорғану, ғимараттан байқалмай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің келуін күту;

2) құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объектінің басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету.

2. Қарулы шабуыл қауіпі туындаған кезде персоналдың іс-әрекеттері:

1) қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын, күзетті, персоналды, объектінің басшылығын кез келген тәсілмен хабардар ету;

2) қорғану, ғимараттан байқалмай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің келуін күту.

3. Қарулы шабуыл қауіпі туындаған кезде объектінің жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің іс-әрекеттері:

1) қарулы қаскүнемді анықтау;

2) объектідегі адамдардың көп болатын орындарына олардың жылжуына тосқауыл қою;

3) объектінің басшылығын, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын қарулы шабуыл фактісі туралы хабардар ету;

4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Қарулы шабуыл қауіпі туындаған кезде объект басшылығының іс-әрекеттері:

1) аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын қарулы шабуыл фактісі мен мән-жайлары туралы дереу хабардар ету;

2) объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараны ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау);

3) объект персоналының терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

5. Кепілге алу қаупі туындаған кезде келушілердің іс-әрекеттері:

1) қорғану, кепілге алудан аулақ болу, ғимараттан абайлап кету немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгенге дейін немесе ғимараттан кету қауіпсіздігі мүмкіндігіне дейін шыдау;

2) аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын кепілге алу мән-жайлары мен шабуылдаушылар (саны, қару-жарағы, жарактандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілді қамтамасыз ету шартымен ғана хабардар ету.

6. Кепілге алу қаупі туындаған кезде объект персоналының іс-әрекеттері:

1) қорғануға, кепілге алынудан аулақ болуға, ғимараттан абайлап кетуге немесе үй-жайда паналауға, есікті бұғаттауға, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері келгенге дейін шыдау;

2) аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын кепілге алу мән-жайлары мен шабуылдаушылар (саны, қару-жарағы, жарактандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілді қамтамасыз ету шартымен ғана хабардар ету.

7. Объектінің жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің кепілге алу қаупі туындаған кездегі іс-әрекеттері:

1) қарулы шабуылдаушыларды анықтау;

2) объектідегі адамдардың көп жаппай болатын орындарына қарай олардың жылжуына тосқауыл қою;

3) объектінің басшылығын, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын кепілге алуға оқталу фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету ;

4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету (кепілге алынбау);

б) бұл ретте күзет қызметін көрсетуге арналған шартқа сәйкес күзет өзінің орнын қалдырмау қажет.

8. Кепілге алу қаупі туындаған кезде объект басшылығының іс-әрекеттері:

1) аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын кепілге алу әрекетінің фактісі мен мән-жайлары туралы қолжетімді тәсілмен дереу хабардар ету;

2) объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдауды ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау);

3) объект персоналының терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

9. Кепілге алу кезінде объектіге келушілердің және (немесе) персоналдың іс-әрекеттері:

1) "өзіңізді ұстаңыз", тынышталыңыз, үрейленбеңіз, тыныш дауыспен сөйлесіңіз;

2) террористерді айыру мен қорлауға табанды және ұстамды түрде шыдау, қылмыскерлердің көзіне қарамау, арандатушылықпен әрекет етпеу қажет. Қылмыскерлерді физикалық күш немесе қару қолдануға итермелейтін әрекеттерге жол бермеу;

3) қылмыскерлердің талаптарын орындау, оларға қайшы келмеу, ашуланшақтық пен дүрбелеңге жол бермеу;

4) мүмкін болатын қатал сынаққа физикалық және психикалық тұрғыдан дайындалыңыз;

5) ұрлаушыларға сыртқы жеккөрушілік пен немқұрайлылық білдірмеңіз;

6) басынан бастап (әсіресе бірінші сағатта) қарақшылардың барлық нұсқауларын орындаңыз. Басқыншылардан кез-келген әрекетті жасауға рұқсат сұрау: отыру, тұру, ішу, дәретханаға бару;

7) өз мінез-құлқыңызбен террористердің назарын аудармаңыз, белсенді қарсылық көрсетпеңіз. Бұл сіздің жағдайыңызды нашарлатуы мүмкін;

8) кашудың сәттілігіне толық сенімділік болмаса, жүгірмеңіз;

9) террористер туралы көп ақпаратты есте сақтаңыз (олардың саны, қару-жарағы, түрлері қандай, сыртқы түрі, дене бітімі, екпіні, әңгіме тақырыбы, темпераменті, мінез-құлқы);

10) орналасқан (қамалған) жеріңізді анықтауға тырысыңыз;

11) мүмкіндік болған кезде, байланыстың кез келген қолжетімді тәсілін пайдалана отырып, өмірге қауіп төндірмей, сақтық таныта отырып, болған оқиға туралы аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе объектінің күзет қызметіне хабарласыңыз;

12) қандай тағам болса да, оны назардан тыс қалдырмаңыз. Бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі;

13) жарақат алған кезде өзіңізге алғашқы көмек көрсетуге тырысыңыз;

14) ең бастысы қарақшылар өздерін бақылай алмаса, үрейленбеңіз;

15) терезелерден, есіктерден және террористердің өздерінен аулақ болыңыз. Бұл ұй-жайға шабуыл жасау, қылмыскерлерді жою үшін мергендердің ату кезінде сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін қажет.

10. Арнайы бөлімшелердің қызметкерлерімен кепілге алынғандарды босату жөніндегі операцияларды жүргізген кезде объектіге келушілердің және (немесе) персоналдың іс-әрекеттері:

1) еденге төмен қарап жатып, қабырғаға жабысып, басты қолдарыңызбен жауып, қозғалмаңыз;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесуге немесе олардан қашуға болмайды, өйткені олар жүргізушіні қылмыскер деп қателесуі мүмкін;

3) есіктер мен терезелердің саңылауларынан аулақ болу;

4) егер шабуыл жасау және басып алу кезінде жәбірленушімен алдымен (жеке басын анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер сияқты біршама қате әрекет етуі мүмкін болса, ашуланбаңыз. Босатылған кепілге алынған адамды тінтуі, кісендеуі, байлауы, эмоционалды немесе физикалық жарақат салуы, жауап алуы мүмкін. Бұған түсіністікпен қарау керек, өйткені мұндай жағдайларда шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамдарды түпкілікті сәйкестендіруге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) негізделген.

11. Күдікті зат табылған кезде келушілердің іс-әрекеттері:

1) оған қол тигізбеңіз, оған жақындамаңыз, қозғалмаңыз;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрау;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тартуға;

4) анықтау уақыты мен орнын жазып алыңыз;

5) күдікті заттың табылғаны туралы объектінің күзетіне және персоналына не құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны табудың маңызды мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуі қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламауға;

8) өмірге қауіп төнген кезде қорғауды қамтамасыз ететін заттардың (ғимараттың бұрышы, баған, қалың ағаш, автокөлік) артын паналауға;

9) объектінің күзетін, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды күдікті тұлға/адамдар (саны, қару-жарағы, жарактандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы хабардар ету;

10) объектіні тастап кетуге және (немесе) күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтыққа паналауға міндетті.

12. Күдікті затты анықтаған кездегі персоналдың іс-әрекеттері:

1) қол тигізбеңіз, жақындамаңыз, қозғалмаңыз;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрау;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тарту;

4) анықтау уақыты мен орнын жазып алыңыз;

5) күдікті заттың табылғаны туралы объектінің күзетіне және персоналына не аумақтық ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны табудың маңызды мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуі қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламау;

8) күзетпен бөгде адамдардың күдікті затқа және қауіпті аймаққа кіруін шектеуді ұйымдастыру;

9) қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз етуге көмектесу;

10) өмірге қауіп төнген кезде қорғауды қамтамасыз ететін заттарды (ғимараттың бұрышы, баған, қалың ағаш, автокөлік) паналау, бақылау жүргізу;

11) объектінің күзетіне, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) болуы мүмкін адамдар тобы анықталған жағдайда хабарлау;

12) келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыруда басшылыққа және күзетке жәрдем көрсету;

13) объектіден кетуге, мүмкін болмаған жағдайда - күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтыққа жасырынуға.

13. Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің күдікті зат табылған кездегі іс-әрекеттері:

1) қол тигізбеңіз, жақындамаңыз, қозғамаңыз;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрау;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тартуға;

4) анықталған уақыты мен орнын жазып алыңыз;

5) күзетте күдікті заттың табылғаны туралы объектінің персоналына не құқық қорғау органдарына дереу хабарлау;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны табудың маңызды мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуі қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламау;

8) бөгде адамдардың күдікті затқа және қауіпті аймаққа қажетті қашықтықтан кіруін шектеуді қамтамасыз етуге;

9) қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз ету;

10) өмірге қауіп төнген кезде қорғауды қамтамасыз ететін заттарды (ғимараттың бұрышы, баған, қалың ағаш, автокөлік) паналау, бақылау жүргізу;

11) күзетпен күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты) болуы мүмкін адамдар тобы анықталған жағдайда, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды хабардар ету;

12) бұл ретте күзет қызметін көрсетуге арналған шартқа сәйкес күзет өзінің орнын қалдырмау қажет.

14. Күдікті зат анықталған кезде басшылықтың іс-әрекеттері:

1) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарға күдікті адамның анықталғаны немесе иесіз заттың табылғаны туралы дереу хабарлау;

2) қажетті қашықтықта иесіз күдікті зат табылған орнын қоршауды ұйымдастыру;

3) адамдарды объектіден эвакуациялауды ұйымдастыру, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау;

4) күдікті заттарды табу мақсатында үй-жайларды аралауды және аумақтарды қарауды қамтамасыз ету;

5) объект персоналының терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын ұйымдастыру, қажетті ақпарат беру.

15. Жарылғыш құрылғыны көрсететін белгілер:

1) табылған затта сымдардың, арқандардың, электр таспаның болуы;

2) зат шығаратын күдікті дыбыстар, шертулер, сағаттардың тықылдауы;

3) заттан бадамның тән иісі немесе ерекше иіс шығады;

4) табылған затты әдеттен тыс орналастыру;

5) сыртқы белгілері бойынша антеннаға ұқсас қоректендіру көздерінің әртүрлі түрлерінің табылған нысанына орнатылған сым.

16. Жарылғыш құрылғы (ВУ ЖК) немесе ВУ ЖК тәрізді зат анықталған кезде алып тастау және (немесе) қоршау үшін қашықтығы:

1) РГД-5 гранатасы – 50 метр;

2) Ф-1 гранатасы – 200 метр;

3) салмағы 200 грамм тротил дойбы – 45 метр;

4) салмағы 400 грамм тротил дойбы – 55 метр;

5) сыра банкісі 0,33 литр – 60 метр;

6) дипломат (кейс) – 230 метр;

7) жол чемоданы – 350 метр;

8) "Жигули" класындағы автокөлік – 460 метр;

9) "Волга" класындағы автокөлік – 580 метр;

10) шағын автобус – 920 метр;

11) жүк көлігі (фургон) – 1240 метр.

17. "Жанкешті-лаңкестерді" қолдану арқылы шабуыл жасау кезіндегі персонал мен келушілердің іс-қимылдары:

1) қорғану, ғимараттан байқалмай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті құлыптау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгенше күту;

2) құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объектінің басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар етуге.

18. "Жанкешті-лаңкестерді" қолдана отырып шабуыл жасау кезінде жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің іс-қимылдары:

1) объектіде адамдардың көп болатын жерлеріне қарай олардың жылжуына тосқауыл қою;

2) объектінің басшылығына, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы кез келген тәсілмен хабарлауға;

3) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдауға (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау);

4) қажет болған кезде күдікті адамның немесе адамдар тобының объект бойынша (жеке өзі не бейнебақылау жүйесі арқылы) жүріп-тұруын бақылауды ұйымдастыруға;

5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) бұл ретте күзет қызметін көрсетуге арналған шартқа сәйкес күзет өзінің орнын қалдырмау қажет.

19. "Жанкешті-лаңкестер" шабуылындағы басшылықтың іс-әрекеттері:

1) объектіде күдікті адамды немесе адамдар тобын анықтау туралы ақпаратты құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға дереу беру;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қаскүнемді анықтау және ұстау уақытын қысқартатын күдікті адам туралы барынша толық ақпарат беру;

3) адамдарды ұйымдасқан эвакуациялауды қамтамасыз ету;

4) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

20. Телефон арқылы қауіп-қатерді алушының іс-әрекеті (басшы, персонал, жеке күзет ұйымының қызметкері):

1) әңгіме барысында қоңырау шалушының жынысын, жасын және сөйлеу ерекшеліктерін белгілеңіз;

2) дауысы (қатты немесе тыныш, төмен немесе жоғары);

3) сөйлеу қарқыны (жылдам немесе баяу);

4) айтылуы (айқын, бұрмаланған, кекештенген, сыбырлаған, екпінмен немесе диалектімен);

5) сөйлеу мәнері (бей-берекет, мазақ, балағат сөздермен);

6) дыбыстық фонға (автомобиль немесе теміржол көлігінің шуы, теле - немесе радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар, басқалар), қоңыраудың сипатына (қалалық, қалааралық) назар аударыңыз;

7) сөйлесудің нақты басталу уақытын және оның ұзақтығын жазыңыз;

8) әңгіме барысында келесі сұрақтарға жауап алуға тырысыңыз: Бұл адам қайда, кімге, қандай телефонмен қоңырау шалды? Ол қандай нақты талаптар қояды? Жеке өзі талаптар қояды ма, әлде делдал рөлін атқарады ма және адамдардың қандай да бір тобын білдіреді ме? Ол қандай шарттармен немесе олар жоспардан бас тартуға келіседі? Онымен қалай және қашан байланысуға болады? Сіз бұл қоңырау туралы кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауыңыз керек?

9) қоңырау шалушыдан сіз және объект басшылығы шешім қабылдауы немесе қандай да бір әрекет жасауы үшін мүмкін болатын ең ұзақ уақыт аралығына қол жеткізуге тырысыңыз;

10) әңгімелесу процесінде немесе әңгімелесу аяқталғаннан кейін дереу ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне және объектінің басшылығына телефон қатері туралы хабарлауы қажет.

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт
министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен дене шынықтыру және
спорт, ойын бизнесі, лотереялар
және лотерея қызметі, туристік
қызмет, туризм және туристік
индустрия салаларындағы
қызметтерді жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерді терроризмге қарсы
қорғауды ұйымдастыру
жөніндегі Нұсқаулыққа
5-қосымша

Нысан

Терроризмге қарсы қорғау бойынша оқу іс-шараларын есепке алу ЖУРНАЛЫ (титул парағы) _____ (ұйымның атауы)

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын өткізуді есепке алу № ____ Журналы

Журналдың басталу күні " ____ " _____ 20 ____ г.

Журналдың аяқталу күні " ____ " _____ 20 ____ г.

(ішкі жағы)

1 бөлім. Нұсқаулар

--	--	--	--	--	--	--

р/с№	Нұсқама өткізу күні	Нұсқама алушының Т. А. Ә. (болған жағдайда) және лауазымы	Нұсқау түрі	Нұсқама жүргізген тұлғаның Т. А. Ә. (болған жағдайда) және лауазымы	Нұсқау алушының қолы	Нұсқама жүргізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7
		Т. А. Ә.	жоспарлы	Т. А. Ә.		
			жоспардан тыс	Т. А. Ә.		

Ескерту:

1) жоспарлы нұсқамалар барысында қызметкерлерге терроризм актісі кезінде барлық ықтимал жағдайларда іс-қимыл алгоритмдері жеткізіледі, ал жоспардан тыс нұсқамалар тақырыбы өткізілетін оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер тақырыбына байланысты болады;

2) терроризмге қарсы бағытта жүргізілетін жоспарлы нұсқамаларды құжаттамалық ресімдеуді қолжазба тәсілімен де, аралас - Қолжазба және баспа тәсілімен де жүзеге асыруға жол беріледі. Баспа түрінде мынадай бағандарды толтыруға жол беріледі: 3, 4 және 5 (егер нұсқауды бір сол қызметкер жүргізсе), журналдың қалған бағандарын нұсқаманы тыңдаған адам өзі толтырады;

3) өткізу күні толық көрсетіледі (күні, айы және жылы);

4) объектінің персоналымен жоспардан тыс нұсқама жүргізу қажет болған кезде оны осы журналда да құжаттайды, ал "нұсқама түрі" бағанында – "жоспардан тыс", "№ _ _ _ телефонограммасы бойынша", "террористік қауіптілік деңгейі бойынша" деген жазбаны қоюға жол беріледі.

2 бөлім. Сабақтар

Күні	Сабақ тақырыбы	Оқу мәселелері	Қатысқан қызметкерлер саны	Сабақты өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5
1.				
2.				

Ескерту: Сабақтың тақырыбы мен оқу сұрақтары анық нақтылануы қажет.

Сабақтарды өткізу туралы негізгі есепті құжаттар:

1. Терроризмге қарсы дайындық жөніндегі іс-шараларды жүргізуді есепке алу журналы;

2. Терроризмге қарсы бағыттағы нұсқамалар өткізу кестесі;

3. Практикалық сабақтарды өткізу кестесі;

4. Практикалық сабақтарды дайындау және өткізу жоспары;

5. Терроризмге қарсы дайындық бойынша іс-шараларды өткізу нәтижелері туралы есеп;
6. Теориялық сабақтардың өткізілген тақырыптары бойынша дәріс материалдары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК